

Павлодар мұнай өңдеу зауытында пропиленді құнарландыру қондырғысының кешенін салу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 тамыз 1992 ж. N 706

Атырау химия зауытының пропилен өндіру жөніндегі жұмыс істеп тұрған қуаттарын шикізатпен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жылдық қуаты 65 мың тонна пропиленді құнарландыру қондырғысының кешенін толық дайын ету шартымен салу жөніндегі Павлодар мұнай өңдеу зауытының ұсынысы қабылдансын.

2. Павлодар мұнай өңдеу зауытына 1992-1995 жылдары мұнай өнімдерін қосымшаға сәйкес мөлшерде экспортқа сатуға рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі квоталарды ресімдесін, ал Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Павлодар мұнай өңдеу зауытына аталған өнімді экспортқа шығаруға лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Павлодар мұнай өңдеу зауытының ұсынысы бойынша пропиленді құнарландыру қондырғысын салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін шетел фирмаларының Қазақстан Республикасы машиналар, жабдықтар, аспаптар, конструкциялар және басқа бұйымдар әкеліп-әкетуін баж салығынсыз ресімдесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 26 тамыздағы
N 706 қаулысына
Қосымша

Павлодар мұнай өңдеу зауытында пропиленді
құнарландыру кешенінің құрылысын қаржыландыруды
қамтамасыз ету үшін мұнай өнімдерін экспортқа
сатудан алынатын валюта түсімінің
Есеп-Қисабы
(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК